

**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚОСШЫ
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ
БӨЛІМІ ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
№3 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ**

**КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №3 ГОРОДА КОСШЫ
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ
КОСШЫ УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ
ОБЛАСТИ
ПРИКАЗ**

БҰЙРЫҚ № 02.09.2025_{не}

ПРИКАЗ № 322

**Тұлаланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу
жұмыстарын ұйымдастыру және «ДОСБОЛЛИКЕ»
бағдарламасын іске асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Оқу –Ағарту министрлігі «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру Ұлттық ғылым-практикалық институты КеАҚ Ғылыми – әдістемелік кеңесінің ұсынған 24.07.2025 жылғы №2 хаттамасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Оқу –Ағарту министрлігі «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру Ұлттық ғылым-практикалық институты КеАҚ «ДОСБОЛЛИКЕ» бағдарламасы іске асырылсын.
2. Мектепте білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу мақсатында «ДОСБОЛЛИКЕ» бағдарламасы жасалынып бекітілсін және бағдарламаның іске асырылуына жауапты тұлға бекітілсін.
3. Мектепте білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және қарсы тұру жүйесі бойынша ұйымдастыру іс-шаралары жүргізілсін.
 - а) нормативтік құжаттар дайындау;
 - ә) педагогикалық ұжыммен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу;
 - б) мектептің тәрбие жоспарына жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және қарсы тұру іс-шараларын қосу;
 - в) мектепте педагогтерді, білім алушыларды, ата-аналарды біріктіретін балалар арасындағы агрессияға / жәбірлеуге қарсы тұратын жүйе құру;
 - г) мектепте қақтығыс болу аймақтарын белгілеу (киім ауыстыратын жер, асхана, дәретхана т.б.) ол жерлерді бейнекамералармен жабдықтау мүмкіндіктерін пайдалану;

- д) ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында «Буллинг жағдайында балаға қалай көмектесуге болады?» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастыру.
4. Мектеп әкімшілігі тарапынан баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және алдын алу жөніндегі қызметті қамтамасыз етуді және білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді, баланы жәбірлеуге (буллингке) нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жағдай жасалынсын.
 5. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының №4-қосымшасына сәйкес педагог-психологтің консультациясының есепке алу журналына тіркей отырып, педагог-психологпен, әлеуметтік педагогпен оқушыларға әлеуметтік, психологиялық көмек көрсетілсін.
 6. Оқушылардың арасында және болдырмау мәселесін ата-аналар комитетін тарта отырып, мектептің алқалы басқару кеңестерінің отырыстарында қаралсын.
 7. Бағдарламаның жұмыс істеуі үшін педагогикалық қызметкерлер арасынан құрамды анықтап, Буллингке қарсы команда құрылсын.
 8. Осы бұйрықтың орындалуын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Жанаковаға жүктелсін.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Мектеп директоры:



Ж.К.Балдекова

Бұйрықпен таныстырылды:

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Т.Жексенбин